

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін (PhD) алуға жазылған Әбдімұса Жұлдыз Нұрланқызының диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: ЖОО студенттерінің эмоционалды жағдайын психологиялық-педагогикалық бағалау.

Зерттеудің мақсаты: студенттердің эмоционалды жағдайын психологиялық-педагогикалық бағалауды теориялық негіздеу мен оның құрылымдық-функционалдық моделін, эксперименттік бағдарламасын жасау және тиімділігін эмпирикалық тексеру.

Зерттеу міндеттері:

1. «студенттердің эмоционалды жағдайын психологиялық-педагогикалық бағалау» ұғымына авторлық анықтама беру және оның мәнді сипаттамасын негіздеу;

2. заманауи студенттердің эмоционалды жағдайын реттеудің педагогикалық шарттарын анықтау мен негізділігін дәлелдеу;

3. студенттердің эмоционалды жағдайын психологиялық-педагогикалық бағалаудың құрылымдық-функционалдық моделін (өлшемдер, көрсеткіштер, деңгейлер) әзірлеу және оның тиімділігін тексеру;

4. студенттердің академиялық үлгерімімен және кәсіби дайындық кезеңдерімен өзара байланысты эмоционалды жағдайын реттеудің ерекшеліктерін эмпирикалық тексеруге арналған эксперименттік бағдарлама жасау және оны іске асыру

Зерттеу әдістері: *теориялық:* психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау; *диагностикалық:* Кеттелдің 16PF сауалнамасы (С формасы); В.Зунгтың төмендеген көңіл-күйдің ауырлық дәрежесін өлшеу шкаласы (Т.Н.Балашованың бейімдеуімен); мазасыздықты анықтауға арналған Бек сауалнамасы; А.Реанның модификациясындағы К.Замфирдің «Кәсіби іс-әрекеттің мотивациясы»; жеке бағытты анықтауға арналған Б.Басстың «Бағдарлау сауалнамасы»; В.Ф.Соповтың, Л.В.Карпушинаның «Өмірлік құндылықтарды морфологиялық тестілеу»; жетістікке жетудің мотивациясын бағалау шкаласы; табыстылық мотивациясын бағалау шкаласы; математикалық өңдеу әдістері: факторлық талдау, «Statistica 20» бағдарламасы

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар)

1. Эмоционалды күй – бұл өзекті қажеттілікті бағалау сатысында сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер ықпалы маңыздылығының күйзелісі тұрғысынан пайда болатын интегративті құбылыс және тұлғаның бағалау қасиеттерінің субъективті және объективті біртұтас жүйесі ретінде сипатталады.

Эмоционалды жағдайды психологиялық-педагогикалық бағалау – бұл білім алушының қолайлы және пайда болған қолайсыз эмоционалды жағдайларын «күй – қатынас – әрекет» логикасында бағалау мен қолдауға мақсатты бағытталған процесс.

2. Эмоционалды жағдайды бағалау өлшемдерінің негізіне оның мәнді сипаттамасы алынады: эмоционалды жағдайдың пайда болуында мотивтердің, қажеттіліктер мен құндылықтардың көрініс табуы; тұлғаның сапасы мен эмоционалды күйінің оң болуы; мотивациялық, когнитивті, эмоционалды, мінез-құлық деңгейлерінде өзін-өзі реттеу дағдыларын жүйелі меңгеруі; білім берудегі цифрлық трансформацияның студенттердің эмоционалды жағдайына ықпал етуі;

3. ЖОО студенттерінің эмоционалды жағдайын психологиялық-педагогикалық бағалаудың құрылымдық-функционалды моделі эмоционалды жағдайдың жеке ерекшеліктерін ескере отырып қамтамасыздандырылады: өзін-өзі дұрыс бағалау, мазасыздық деңгейлері, оң эмоционалды күй, өзін-өзі реттеудің айқындылығы, академиялық үлгерімі мен кәсіптік даярлық кезеңіне байланысты студенттердің эмоционалды жағдайының жоғары ұйымдастырылуы мен өзара байланысы;

4. Ішкі және сыртқы ресурстарды пайдалануға бағытталған студенттердің эмоционалды жағдайын реттеудің біз анықтаған педагогикалық шарттары біртұтас болып табылады және «Эмоционалды теңгерім», «Мотивациялық теңгерім» түзету тренингтерін қамтитын арнайы әзірленген эксперименттік бағдарлама мазасыздықты төмендетуді, студенттердің жағымды эмоционалды жағдайы мен тұрақтылық деңгейін арттыруды қамтамасызландырады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

1. «студенттердің эмоционалды жағдайын психологиялық-педагогикалық бағалау» ұғымының авторлық мәнді сипаттамасы жасалды;

2. заманауи студенттердің эмоционалды жағдайын реттеудің педагогикалық шарттары білім берудегі цифрлық трансформацияның олардың эмоционалды жағдайына ықпалымен, академиялық үлгерімімен және кәсіби дайындық кезеңдерімен өзара байланысты негізделіп, анықталды;

3. студенттердің кәсіби қалыптасу процесінде олардың эмоционалды жағдайларын психологиялық-педагогикалық бағалаудың құрылымдық-функционалды моделі жасалды, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстармен тексерілді;

4. «Эмоционалды теңгерім», «Мотивациялық теңгерім» түзету тренингтерін қамтитын студенттердің эмоционалды күйлерін реттеудің эксперименттік бағдарламасы әзірленді және практикаға ендірілді, оның өнімділігі тәжірибелік-эмпирикалық жұмыстармен тексерілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу:

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі эмоционалды жағдай – студенттің эмоционалды денсаулығының субстраты ретінде оның тұлғасын және болашақта кәсіби жарамдылығын қалыптастырудың негізі екендігін дәлелдеумен анықталады. Осы тұрғыдан студенттің эмоционалды жағдайын психологиялық-педагогикалық бағалау проблемасы ерекше өзектілікке ие болады. «Эмоционалды денсаулық» және «эмоционалды күй» ұғымдарының мағыналық-семантикалық көрсеткіштерін салғастырмалы салыстыру негізінде «студенттің эмоционалды жағдайын психологиялық-педагогикалық бағалау»

түсінігіне авторлық анықтама, мәнді сипаттама берілуімен айқындалады.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі студенттердің эмоционалды жағдайын реттеудің психологиялық-педагогикалық шарттарын білім берудегі цифрлық трансформацияның олардың эмоционалды жағдайына ықпалымен, академиялық үлгерімімен және кәсіби дайындық кезеңдерімен өзара байланысты негізделуімен расталады. Ал бұл қажеттіліктің Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру процесінде дами қоймағандығын және соның салдарынан студенттердің эмоционалды жағдайын психологиялық-педагогикалық бағалау қолданылмайтындығын дәлелденуімен түсіндіріледі.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі зерттеу логикасымен және кіші курс студенттерінің кәсіби қалыптасу процесінде олардың эмоционалды жағдайларын психологиялық-педагогикалық бағалаудың құрылымдық-функционалды моделінің жасалуымен және оның практикаға ендірілуімен айқындалады. Модель біз анықтаған студенттердің эмоционалды жағдайының ерекшеліктері негізінде, атап айтқанда өзін-өзі бағалау, мазасыздық деңгейлерін анықтау, жағымды эмоционалды фон қалыптастыру, өзін-өзі дұрыс реттеу, жоғары ұйымшылдықты ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады;

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі ғылыми-практикалық конференцияларда зерттеу нәтижелерінің мақұлдаудан өткізілуімен, студенттердің эмоционалды жағдайының жағымсыз компоненттерін еңсеру үшін ішкі және сыртқы ресурстарды пайдалануға бағытталған эксперименттік бағдарламаның («Эмоционалды теңгерім», «Мотивациялық теңгерім») верификациялануымен; эмоционалды жағдайды реттеу моделін және анықталған педагогикалық шарттарды іске асыруда оң нәтижелер алынуымен расталады.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген «Сапалы білім беру «Білімді ұлт» ұлттық жобасында (2021) қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға аса мән беріліп, заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағдары тұрғысынан болашақ маманның кәсіби және денсаулық сақтау құзыреттері стратегиялық көрсеткіштерге айналуы тиістігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасында студенттердің денсаулығын нығайтуға арналған нысаналы индикаторға басымдық берілген. Бұл өз кезегінде ЖОО қоғамдастығының алдына олардың эмоционалды денсаулығын қалыптастыру проблемаларының шешімін іздеуді қояды.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі бағыттарын іске асыруда студенттердің эмоционалды жағдайын қамтамасыздандыру, ЖОО-дарының қолайлы психологиялық ахуалын құру және білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету қажеттілігі атап өтіледі. Мұның бәрі зерттеу проблемасының мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін көрсетеді.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

Диссертация тақырыбының мазмұны 10 ғылыми мақалала, соның ішінде 1 мақала Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда; 3-і Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 6-ы жақын және алыс шетелдердің халықаралық ғылыми конференцияларының жинақтарында жарияланды. Барлық жарияланымдар зерттеу барысында дайындалды.

1. *Distance Education and the COVID-19 Pandemic: Psychological and Motivational Aspects / International Journal of Web-Based Learning and Teaching Technologies.* – 2022. – V 17 №1 (co-authors – N. Ismailova, E. Shchedrina, K. A. Timiryazev, S. Kulanina, докторанттың үлесі - 60%). Мақалада онлайн оқытудың психологиялық-мотивациялық аспектілері және студенттердің эмоционалды жағдайларын реттеу шарттары анықталған. Студенттердің жеке және жағдаяттық эмоционалды тәжірибелерінің нәтижелері көрсетілген.

2. *Применение и результативность психокоррекционной программы психоэмоционального баланса / Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Психология сериясы. № 2(67), 2021. – Б.5-12.* (бірлескен авторлар: Тапалова О.Б., Нагибина Н.Л., докторанттың үлесі - 75%). Мақалада эмоционалды тепе-теңдікті дамытудың психокоррекциялық тренинг бағдарламасының тиімділігі дәлелденіп, мәліметтер келтірілген. Бағдарлама студенттердің өзін-өзі іске асыруының жеке ресурстарын кеңейтуге және жетістікке жету мотивациясының деңгейін арттыруға ықпал етті.

3. *Применение опросника 16pf Кеттела при оценке эмоциональных состояний студентов / Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Психология сериясы. № 1(70), 2022. – Б. 16-20.* (бірлескен авторлар: Тапалова О.Б., Абдрахманов А.Э., докторанттың үлесі - 79%). Мақалада студенттердің эмоционалды жағдайлары бойынша эксперименттік зерттеулердің нәтижелері көрсетілген. Алынған эксперименттік нәтижелер студенттердегі жағымсыз эмоционалды жағдайлардың ауырлығының жоғары деңгейінің басымдығын және психологиялық-педагогикалық қолдаудың қажеттілігін көрсетеді.

4. *Психологические и мотивационные аспекты дистанционного обучения // Педагогика және психология – Алматы. - 2022–4 (70). – Б. 8–26.* (бірлескен авторлар: Бурлачук Л.Ф., докторанттың үлесі - 90%). Мақалада онлайн оқыту кезінде студент пен оқытушының мақсатты өзара әрекеттесуін зерттеу нәтижелері, цифрлық оқытудың психологиялық мотивациялық аспектілерін зерттеу мәдіметтері ұсынылған.

5. *Особенности проявлений эмоциональных нарушений студентов как показатель социальной дезадаптации // Сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции «Психология, педагогика, образование: актуальные исследования и разработки»: - Казань: Профессиональная наука. – 2021. Б. 24–30.* (бірлескен авторлар: Тапалова О. Б., докторанттың үлесі - 88%). Мақалада студенттердің психологиялық денсаулығы

мәселесі қарастырылады. Зерттеудің нәтижелері студенттердегі эмоционалдық бұзылуларды және студенттермен психокоррекциялық жұмыстың қажеттілігін көрсетеді.

6. *Сравнительный анализ сервисных платформ, оптимальных для онлайн-обучения в казахстанских вузах* / Евразийское Научное Объединение. – М. – 2021. – № 6(76). Б. 405–411 (бірлескен авторлар: Симоненко А., Тапалова О. Б., Абишева Э. Жапаров Э., докторанттың үлесі - 55%). Мақалада жоғары оқу орнын онлайн форматқа көшіру кезіндегі білім беру қызметінің әдістерін, нысандары мен құралдарын талдау ұсынылған. Эксперименттік зерттеу нәтижелері сапалы білім алудың және оларды тиімді игерудің маңызды аспектісі тұрғысынан қарастырылған.

7. *Эмоциональная устойчивость будущих педагогов – основа успешной профессиональной деятельности* // Актуальные вопросы современной науки и образования: сборник статей V Международной научно-практической конференции– Петрозаводск: МЦНП «Новая наука», 2021. – С. 103–110. (бірлескен авторлар: Тапалова О. Б., докторанттың үлесі - 89%). Мақалада студенттердің эмоционалды тұрақтылығының ерекшеліктерін эксперименттік зерттеу нәтижелері келтірілген. Студенттердегі эмоционалды тұрақтылық пен эмоционалды тұрақсыздықтың айырмашылықтары сәтсіздіктердің, және академиялық үлгерімнің субъективті тәжірибесімен байланысты қарастырылған.

8. *Взаимосвязь эмоциональной устойчивости и ее психофизиологических показателей у студентов педвузов* // Современное общество и наука: опыт, проблемы и перспективы развития: сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции– М.: – 2020. – Б.146–152. (бірлескен авторлар: Тапалова О.Б., докторанттың үлесі - 85%). Мақалада эмоционалды тұрақтылықты және оның психофизиологиялық көріністерін, бакалавриат студенттерінің жеке және ситуациялық жағымсыз эмоционалдық тәжірибелерін эксперименттік зерттеу нәтижелері келтірілген.

9. *Особенности проявления тревожности в школьном возрасте* // Сборник научных статей международной научно-практической конф. “Тенденции и перспективы развития гуманитарного образования” - Алматы: КазНПУ им. Абая. - 2021. –Б. 289–293. (бірлескен авторлар: Тапалова О. Б., докторанттың үлесі - 92%). Мақалада мектеп жасындағы балалардың мазасыздығының пайда болуының өзара байланысы ашылады, олар есейген сайын және студенттік өмірге енген сайын артады.

10. *Влияние индивидуально-типологических характеристик на состояние психологического здоровья студентов* // Материалы III ежегодной республиканской конф. «Тенденции и перспективы развития психолого-педагогического образования» (11 мая 2022 г.) – Алматы. – 2022. – Б.89-94. (бірлескен авторлар: Пономарев Р.Д., Тапалова О.Б., докторанттың үлесі - 75%). Мақалада заманауи студенттердің психологиялық жағдайларын зерттеу нәтижелері берілген.